

## Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 318 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі осы қаулыға 1-қосымшаның 1-тармағында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті осы қаулыға 1-қосымшаның 2-тармағында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті осы қаулыға 1-қосымшаның 3-тармағында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

4) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті осы қаулыға 1-қосымшаның 4-тармағында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган;

5) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті осы қаулыға 1-қосымшаның 5-тармағында көрсетілген республикалық заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган болып айқындалсын.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 23.07.2024 № 583 қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген

тәртіппен осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың акцияларының мемлекеттік пакеттерін және (қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне берсін.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2023 жылғы 4 қазандағы  
№ 866 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы ереже**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, кинематография, мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, ономастика, креативті индустриялар және шығармашылық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, ақпарат, масс-медиа, қоғамдық кеңестердің қызметі, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы, діни қызмет, мемлекеттік жастар, отбасылық және гендерлік саясат, қайырымдылық, волонтерлік қызмет, медиация, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, конфессияаралық және этносаралық келісім, ақпаратқа қол жеткізу, онлайн-платформалар және онлайн-жарнама салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Министрліктің мынадай ведомстволары бар:

1) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

5) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

6) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

7) "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Этносаралық қатынастарды дамыту комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Министрлік мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазақ тілінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Министрліктің, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Министрлік өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Министрлік басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Министрліктің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Министрліктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, № 14 кіреберіс.

10. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Министрліктің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Министрлікке кәсіпкерлік субъектілерімен Министрліктің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуіне тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## 2-тарау. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің міндеттері мен өкілеттіктері

### 13. Міндеттері:

мынадай салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру:

- 1) мәдениет, сондай-ақ халықаралық мәдени байланыстар;
  - 2) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану;
  - 3) кинематография;
  - 4) мемлекеттік рәміздер;
  - 5) архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету;
    - б) электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер, оның ішінде таратылуы шектелген қызметтік ақпарат және онымен жұмыс істеу;
  - 7) ономастика;
  - 8) креативті индустриялар және шығармашылық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру;
  - 9) ақпарат;
  - 10) ақпаратқа қол жеткізу;
  - 11) балаларды олардың денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау;
  - 12) масс-медиа;
  - 13) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;
  - 14) онлайн-платформалар және онлайн-жарнама;
  - 15) діни қызмет;
  - 16) мемлекеттік жастар, отбасылық және гендерлік саясат;
  - 17) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
  - 18) қайырымдылық;
  - 19) волонтерлік қызмет;
  - 20) медиация;
  - 21) ішкі саяси тұрақтылықты, конфессияаралық және этносаралық келісімді қамтамасыз ету;
  - 22) мемлекеттің, азаматтық қоғамның және қоғамдық кеңестердің өзара іс-қимылы;
  - 23) өз құзыреті шегінде Министрлікке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.
- Ескерту. 13-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810; 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

### 14. Өкілеттіктері:

#### 1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде орындауға міндетті құқықтық актілерді қабылдау;

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды адамдарынан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының Президентіне және Үкіметіне Министрлік реттейтін салалардағы қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

Министрлік жанынан консультативтік-кеңесші органдар құру;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде айқындалған тәртіппен, сондай-ақ тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен актілері негізінде олармен келісу бойынша басқа мемлекеттік органдармен, коммерциялық емес және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

сотқа жүгіну;

өзінің өкілеттіктері мен функцияларының бір бөлігін ведомстволарға беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру;

онлайн-платформаның меншік иесінен және (немесе) заңды өкілінен бір тәулікте пайдаланушылар саны туралы ақпаратты сұрату;

онлайн платформада пайдаланушылар санын анықтау функциялары болмаған жағдайда пайдаланушылар санын анықтау;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік онлайн-платформаның немесе лездік хабар алмасу сервисінің қызметін шектеу;

онлайн-платформалардың меншік иелерінен және (немесе) заңды өкілдерінен Қазақстан Республикасының сот актілері, құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарының сұрау салулары негізінде пайдаланушылар туралы мәліметтерді сұрату;

2) міндеттілігі:

Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау және қарау;

Министрлікке жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету;

өз құзыреті шегінде орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілерді қабылдау;

Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша түсіндірмелер мен түсініктемелер беру;

Министрліктің теңгеріміндегі мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету;

Министрлікке бөлінген бюджет қаражатын толық, уақтылы және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау тұрғысынан коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне талдау және мониторинг жүргізу және осындай ақпаратты

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға беру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу және оларды бекіту;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыру;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттарға талап қоюды беру;

4) реттелетін салаларда кадрларға қажеттілікті айқындау;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша акциялардың мемлекеттік пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) иелену және пайдалану құқығын, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелерге қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті органның функцияларын жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыруды, дамытуды және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жүзеге асыру, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіру ;

7) қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және ілгерілету кезінде гендерлік теңгерімді сақтау;

8) цифрлық трансформация жүргізу;

9) Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында салааралық үйлестіруді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

10) Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөнінде республикалық комиссия құру;

11) "Тұмар" және "Үркер" ұлттық сыйлықтарын беру тәртібін, олардың ақшалай сыйақы мөлшері мен номинациясын әзірлеу және бекіту;

12) мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі өңірлік комиссиялар туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

13) денсаулық сақтау және жарнама саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша саламатты өмір салтын дәріптеу жөніндегі әлеуметтік жарнаманы қалыптастыру және отандық телеарналарда орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

14) журналистерді аккредиттеудің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

15) телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

16) міндетті мемлекеттік емес теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

17) кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

18) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

19) телерадио хабарларын тарату мақсаттары үшін жиіліктер белдеулерін, радиожіліктерді (радиожілік арналарын) бөлу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

20) өз құзыреті шегінде телерадио хабарларын тарату саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік техникалық актілерді, оның ішінде телерадио хабарларын тарату жүйелерін техникалық пайдалану қағидаларын, телерадио хабарларын тарату сапасына бақылау жүргізу қағидаларын, теле-, радиокөмпаниялардың техникалық құралдарын телерадио хабарларын тарату операторларының желілеріне қосу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

21) мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

22) есепке қою үшін өтініш берген шетелдік теле-, радиоарналардың өнімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

23) телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлерін және телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлерін өлшеу әдістемесін әзірлеу және бекіту;

24) телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның ұсынымы бойынша міндетті мемлекеттік теле-, радиоарналардың тізбесін конкурс өткізбестен қалыптастыру және бекіту;

25) ұлттық оператор тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

26) рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

**27) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;**

28) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөнінде мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

- 28-1) өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөнінде мемлекеттік тапсырысты орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 29) өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөнінде мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындаудың үлгілік әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 30) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;
- 31) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшенің) масс-медиа саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 32) белгілі бір аумақта халықтың тіршілік ету жағдайлары бұзылған кезде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми хабарламалар беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 33) цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу мерзімдерін белгілеу;
- 33-1) цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 33-2) цифрлық эфирлік телехабар таратумен қамтылмайтын әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесін айқындау;
- 34) жас ерекшелігіне қарай жіктеудің ақпараттық өнімін беру қағидалары мен әдістемесін әзірлеу және бекіту;
- 35) жас санатының белгісіне қойылатын талаптарды әзірлеу және бекіту;
- 36) көпарналы хабар таратуда таралуына байланысты міндетті теле-, радиоарналардың санын айқындау;
- 37) масс-медиа мониторингін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 38) міндетті теле-, радиоарналарда әлеуметтік жарнаманы қалыптастыру және орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 39) Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережені әзірлеу және бекіту;
- 40) Ақпаратқа қол жеткізу мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру және оның құрамын бекіту;
- 41) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін мониторингтеу мен ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 42) ақпарат иеленушілерге ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша практикалық және әдістемелік көмек көрсету;
- 43) ақпарат иеленушілермен және пайдаланушылармен ақпаратқа қол жеткізу мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау;
- 44) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ашық деректердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

45) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын (бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

46) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау интернет-порталында ақпаратты орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

47) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ашық диалог интернет-порталында жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

48) мемлекеттік органдардың ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректерінің бірыңғай тізбесін әзірлеу және бекіту;

49) жыл сайын, 1 маусымнан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасындағы ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жылдық есепті ұсыну;

50) Қазақстан Республикасында ақпаратқа қол жеткізу саласының жай-күйі туралы жылдық есепті өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

51) көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындардың мөлшерін және оларды ақпарат иеленушіге төлеу тәртібін, сондай-ақ халықтың әлеуметтік осал топтарын көшірме жасауға немесе басып шығаруға жұмсалатын нақты шығындарды төлеуден босату тәртібін әзірлеу және бекіту;

52) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз ету;

53) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

54) халықаралық шарттардан туындайтын Қазақстан Республикасы міндеттемелерінің орындалуын және құқықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ халықаралық шарттарға басқа да қатысушылардың өз міндеттемелерін орындауын қадағалау;

55) Министрлік жасасу туралы ұсыныс енгізген, сондай-ақ Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша бұрын жасалған халықаралық шарттар бойынша тұрақты негізде халықаралық шарттар мониторингін жүргізу;

56) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру, сондай-ақ Министрлік реттейтін келісімдерді, меморандумдар мен шарттарды, оның ішінде халықаралық шарттарды әзірлеу және жасасу;

57) өз құзыреті шегінде ведомстволық бағынысты ұйымдардың ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және өткізу жөніндегі қызметіне басшылық жасау;

58) Министрлік реттейтін салаларда жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді және оған әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

59) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша саяси партиялармен, қоғамдық бірлестіктермен, коммерциялық емес ұйымдармен, кәсіптік одақтармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

60) Министрлік реттейтін салалардағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, келісу және бекіту;

61) Министрліктің даму жоспарын бекіту;

62) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды әзірлеу;

63) мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен құжаттарды түсіндіру және ілгерілету бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын ұйымдастыру және жүзеге асыру;

64) біліктілік анықтамалықтарды және басшылардың, мамандардың және Министрлік реттейтін басқа да мемлекеттік ұйымдардың қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу, бекіту;

65) Министрліктің "А" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілеріне қызметтік куәлік беру тәртібі мен оның сипаттамасын әзірлеу және бекіту;

66) Министрліктің "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

67) Министрліктің тиісті қызмет салаларында азаматтық қызметшілерін аттестаттаудан өткізудің қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

68) Министрлік реттейтін салада мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

69) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ведомстволардың мемлекеттік қызметтер көрсету процесін автоматтандыруды және оңтайландыруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіру;

70) Министрліктің кадр саясатында гендерлік теңдік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

71) дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

72) туристік қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша діни қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған туроператорлық қызметті жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

73) діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат

үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналастырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту ;

74) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Министрлік реттейтін салада әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды әзірлеу және бекіту;

75) өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

76) халықты ұлттық қауіпсіздіктің жай-күйі және оны қамтамасыз ету жөнінде қабылданатын шаралар туралы хабардар ету, мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманы сақтай отырып, насихаттау және қарсы насихаттау қызметін жүргізу;

77) әрекеті (немесе әрекетсіздігі) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін бұзуға, ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретін лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісті жауапкершілікке тарту;

78) үкіметтік емес ұйымдарға сыйлықақылар беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

79) уәкілетті органның жанынан Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесін құру, оның ережесі мен құрамын әзірлеу және бекіту;

80) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін қалыптастыру, іске асырылуын мониторингтеу және бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

81) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс стандарттарын әзірлеу және бекіту;

82) үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын қалыптастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

83) үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор қызметінің нәтижелері туралы оның есебінің нысанын әзірлеу және бекіту;

84) волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

85) қоғамдық медиаторды сайлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

86) қоғамдық медиаторлардың тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

87) медиаторларды даярлау бағдарламасы бойынша оқудан өту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

88) жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерін және өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеу;

89) үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақылар беру;

90) мемлекеттік құпияларды қамтитын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына және сараптама кеңестеріне кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын консультативтік құжатты немесе нормативтік құқықтық актінің тиісті жобасын сараптама

қорытындыларын алу үшін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастырылғаны туралы хабарлама жіберу;

91) Қазақстан Республикасының қоғамдық кеңестер туралы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

92) Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

93) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

94) Қоғамдық кеңес құру;

95) Қоғамдық кеңестің ұсынымдарын қарау;

96) Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамындағы өкілдіктің дербес құрамын айқындау;

97) Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамын бекіту;

98) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

99) Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының құрамында өкілдік ету;

100) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

101) жеке қолданылатын құқықтық актілердің (орындалуы құқықтық актілерде көзделген іс-шаралардың) және Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен мемлекеттік органның басшы лауазымды адамдарының қызметтік сипаттағы өзге де құжаттардан туындайтын тапсырмаларының орындалуына ішкі бақылау жүргізу;

102) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

103) тиісті аядағы (саладағы) өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімін жүргізу;

104) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша техникалық регламенттерді әзірлеу, бекіту, күшін жою, тоқтата тұру, сондай-ақ құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық регламенттерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

105) техникалық реттеу саласында сараптамалық кеңестер құру;

106) техникалық реттеу саласында сараптамалық кеңестердің құрамын және олар туралы ережені әзірлеу және бекіту;

107) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

108) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

109) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

110) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

111) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

112) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

113) әкімдіктер жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестер туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

114) республикалық жастар форумын өткізу тәртібін және өңірлік жастар форумы туралы үлгілік қағидаларды әзірлеу және бекіту;

115) жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

116) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.04.2026 № 265 қаулысымен;

117) жастармен жұмыс жөніндегі мамандардың үлгілік біліктілік сипаттамаларын әзірлеу және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекіту;

118) жастар еңбек жасақтарын құру, ұйымдастыру, қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың қызметіне мониторинг жүргізу қағидаларын әзірлеу және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша бекіту;

119) жастардың даму индексін ендіру мен қолдану қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

120) уақытша бос жүрген жастармен мемлекеттік жастар саясатын іске асыру тетіктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысын ұйымдастыру және жүргізу;

121) жастар арасында этносаралық келісім мен толеранттылықты нығайту жөнінде түсіндіру жұмысын жүзеге асыру;

122) бейбіт жиналыстарда болатын журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі ) қызметінің қағидаларын, журналистің айырым белгілерінің нысандарын әзірлеу және бекіту;

123) бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушының айырым белгілерінің нысандарын әзірлеу және бекіту;

124) "Жыл волонтері" халықаралық сыйлығын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

125) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен келісу бойынша жедел-іздігі қызметі субъектілерімен және байланыс саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, байланыс желілерінің және (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін, интернет-ресурстарға және (немесе) оларда орналастырылған ақпаратқа қол жеткізуді тоқтата тұру тәртібін айқындау;

126) ашық деректер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

127) ашық бюджеттер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

128) ашық нормативтік құқықтық актілер интернет-порталында ақпаратты орналастыру;

129) қажет болған кезде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сұрау салуы бойынша реттеушілік саясаттың консультативтік құжатының хабардар ету тәсілінің және жария талқылаулар жүргізу тәсілінің (тәсілдерінің) толықтығы бойынша тиісті қорытындыны ұсыну;

130) мемлекеттік органдардың уақытша бос жүрген жастар санын азайтуға бағытталған іс-шаралар жөніндегі қызметін ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру ;

131) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғамалармен қамтамасыз ету қағидаларын әзірлеу және бекіту;

132) Министрлік реттейтін салаларда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының көрсеткіштерін болжау әдістемесін бекіту және әзірлеу;

**133) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 246 қаулысымен;**

134) Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыруды, дамытуды және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, сондай-ақ ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыру;

135) өз құзыреті шегінде техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттарды әзірлеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

136) Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іс-шараларын сапалы және уақтылы орындау жөніндегі нысаналы индикаторларға, көрсеткіштерге қол жеткізу жұмысты қамтамасыз ету;

137) Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылаудың тиімділігіне мониторинг жүргізу;

138) ақпараттық сүйемелдеу және түсіндіру бағдарламасының жобасын келісу;

139) мерзімді баспасөз басылымдарының заңнамалық актілерді ресми жариялау құқығын алуға конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу;

140) телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін әзірлеу, бекіту, рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу;

141) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторының еркін қолжетімді теле-, радиоарналарының таратылуын қаржылай қамтамасыз ету (цифрлық эфирлік және спутниктік телерадио хабарларын тарату, сондай-ақ аналогтік телерадио хабарларын тарату арқылы) бөлігіндегі қызметін үйлестіру;

142) масс-медиа саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз ету;

- 143) Мемлекеттік ақпараттық саясат мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның қызметін қамтамасыз ету;
- 144) теле-, радиоарналарды тарату жөніндегі қызметті лицензиялауды жүзеге асыру жөніндегі лицензиарды және масс-медиа саласындағы бірінші санаттағы рұқсаттарды беруге уәкілетті органды айқындайтын нормативтік құқықтық актіні әзірлеу;
- 145) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын жекелеген қызмет түрлерін лицензиялауды жүзеге асыру;
- 146) бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 147) Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 148) бұқаралық ақпарат құралдарын есепке қоюды, қайта есепке қоюды жүзеге асыру;
- 148-1) мерзімді баспасөз басылымын, интернет-басылымды және теле-, радиоарнаны есепке қою немесе қайта есепке қою қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 149) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алудың бірыңғай тізілімін жүргізу;
- 150) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және оның жүзеге асырылуын бақылау;
- 151) мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру;
- 152) орталық және жергілікті атқарушы органдардың масс-медиа мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру;
- 153) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты орналастыру;
- 154) цифрлық эфирлік хабар таратуды енгізу бөлігінде телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторының қызметін үйлестіру;
- 155) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;
- 156) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;
- 157) есепке қою үшін өтініш берген шетелдік теле-, радиоарналардың өнімдеріне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі тұрғысынан сараптама жүргізу;
- 158) эротикалық сипаттағы материалдарды орналастыратын мерзімді баспасөз басылымдарын немесе интернет-ресурстарды тарататын субъектілердің тізілімін жүргізу;
- 159) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуды жүзеге асыру;

- 160) Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасы талаптарының бұзылуы анықталған кезде нұсқама беру;
- 161) онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 162) Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 163) орталық және жергілікті атқарушы органдардың онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы қызметін үйлестіру;
- 164) онлайн-платформалардың мониторингін жүзеге асыру;
- 165) Қазақстан Республикасының онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заңнамасы талаптарының бұзылуы анықталған кезде нұсқамалар беру;
- 166) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарымен, халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен онлайн-платформалар және онлайн-жарнама саласындағы өзара іс-қимылды келісу;
- 167) онлайн-жарнаманы таңбалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 168) масс-медиа саласындағы уәкілетті органның нұсқамасы бойынша интернет-ресурстарға, шетелдік онлайн-платформаларға және лездік хабар алмасу сервистеріне қолжетімділікті шектеу туралы қағидаларды әзірлеу және бекіту;
- 169) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда нұсқамалар мен хабарламалар жіберу;
- 170) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;
- 171) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;
- 172) телерадио хабарларын таратудың ұлттық операторы тарататын еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру және бекіту бойынша конкурстарды ұйымдастыру және өткізу;
- 173) телерадио хабарларын тарату мақсатында жиіліктер жолағын, радиожііліктерді (радиожіілік арналарын) бөлу бойынша конкурстар ұйымдастыру және өткізу;
- 174) Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның ережесін және құрамын әзірлеу, бекіту;
- 175) шетелдік теле-, радиоарналарды есепке қою немесе қайта есепке қою қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 176) "Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы талаптарының сақталуы тұрғысынан масс-медиа мониторингін жүзеге асыру;
- 177) Қазақстан Республикасының балаларды денсаулығы мен дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау туралы заңнамасының масс-медиада, телекоммуникация

желілерінде, онлайн-платформаларда сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру ;

178) телерадио хабарларын тарату сапасының техникалық параметрлерінің және телерадио хабарларын таратудың ұлттық стандарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

179) "Масс-медиа туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 56-бабында көзделген талаптарды сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасының масс-медиа туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

**180) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 246 қаулысымен;**

181) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

182) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша саяси партиялармен, коммерциялық емес ұйымдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

183) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттік құжаттарды түсіндіру және ілгерілету жөніндегі ақпараттық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

184) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультациялық-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету;

185) заңнамада белгіленген жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау;

186) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне жаңа мемлекеттік көрсетілетін қызмет енгізілгеннен кейін оны электрондық форматта көрсетуге ауыстыру бойынша шаралар қабылдау;

187) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету процесін автоматтандыруды және оңтайландыруды қамтамасыз ету;

188) республикалық бюджеттік бағдарламаларды іске асыру;

189) ведомстволық бағынысты ұйымдарға қатысты мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыру;

190) мемлекеттік органдар қалыптастыратын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс тақырыптарын өзінің интернет-ресурсында орналастыру;

191) діни қызмет, діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл, қоғамдық келісім және ұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыруға қатысу;

192) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясымен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

193) шет мемлекеттердің діни қызмет саласындағы уәкілетті органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру және жүзеге асыру;

194) діни қызмет, қоғамдық келісім, қоғамдық институттарды дамыту және қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік әлеуеті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету;

195) Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметіне зерделеу және талдау жүргізу;

196) республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктердің басшыларын тағайындауын келісу;

197) дінтану сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз ету;

198) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңеспен және кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, діни қызмет, ақпарат, мәдениет, мемлекеттік жастар, отбасылық және гендерлік саясат салаларындағы кәсіптік стандарттарды әзірлеу және бекіту;

198-1) салалық біліктілік шеңберлерін әзірлеу және (немесе) жаңарту;

199) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалар жолданымдарда (арыздарда, шағымдарда), сұрау салуларда, ұсыныстарда, үн қосуларда және хабарларда көтеріп отырған жүйелі мәселелерді талдауды, мониторингті және анықтауды жүзеге асыру;

199-1) азаматтардың, оның ішінде өтініштер мен сұрау салулар шеңберінде келіп түсетін жиі қойылатын сұрақтардың талдауын ескере отырып, ресми интернет-ресурсты ақпаратпен толтыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

200) жыл сайын, 30 наурыздан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Президентіне азаматтардың өтініштерін қарау және онымен жұмыс істеу саласындағы ұлттық баяндаманы қалыптастыру және ұсыну;

201) жолданымдарды қабылдау және тіркеу, оларды және оларға қоса берілген құжаттарды ресімдеуге жәрдемдесу, формальды қателерді жоюға және қоса берілетін құжаттарды толықтыруға мүмкіндік беру;

**202) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.04.2026 № 265 қаулысымен;**

202-1) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау қағидаларын әзірлеу;

203) ұсынылатын және (немесе) іске асырылып жатқан жобалар мен мемлекет бастамаларына халықтың кері байланысын жинау және бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

204) орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың байланыс орталықтарына түсетін азаматтардың сұрау салуларын талдау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

205) тізілімді қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік органдардың халықпен коммуникациялар арналарын аккредиттеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

206) құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізу;

207) өз құзыреті шегінде діни экстремизм мен радикализмнің алдын алуға бағытталған профилактикалық шараларды іске асыру;

208) Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша деструктивті діни ағымдардан зардап шеккендерге көмек көрсету орталықтарымен және басқа да үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

209) республикада конфессияаралық келісімді нығайтуға бағытталған халықаралық, республикалық және өзге де іс-шаралар, акциялар мен конкурстар өткізуді ұйымдастыру;

210) республикадағы діни қызметті, конфессияаралық келісімді зерделеу және талдау жүргізу;

211) конфессияаралық келісім мен толеранттылықты нығайту бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

212) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жастар арасында конфессияаралық келісім мен діни толеранттылықты нығайту мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

213) қайырымдылық саласындағы заңнаманың орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

214) Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі үйлестіру кеңесін құру, оның ережесін және құрамын бекіту;

215) Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму мақсаттарын құзыреті шегінде имплементациялау жөніндегі жұмысты қамтамасыз ету;

216) қайырымдылық саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

217) республикалық және жергілікті деңгейлерде қоғамдық кеңестердің қызметін үйлестіруді және әдістемелік қолдап отыруды жүзеге асыру;

218) Қазақстан Республикасындағы қоғамдық кеңестердің қызметі туралы ұлттық баяндаманы үш жылда кемінде бір рет дайындауды және кейіннен Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыну үшін ағымдағы жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді жүзеге асыру;

- 219) қоғамдық кеңестердің құрамын қалыптастыру жөнінде, сондай-ақ жергілікті деңгейдегі сандық құрам жөнінде ұсынымдар тұжырымдау;
- 220) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;
- 221) волонтерлік қызмет саласындағы заңнаманың орындалуына мониторингті жүзеге асыру;
- 222) волонтерлік қызмет саласын реттейтін заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу және енгізу;
- 223) мемлекеттік органдардың волонтерлік қызметті дамыту саласындағы қызметін әдістемелік сүйемелдеуді үйлестіру және ұйымдастыру;
- 224) медиация мәселелерін реттейтін заңнаманы жетілдіру бойынша құқықтық мониторингті жүзеге асыру және ұсыныстар әзірлеу;
- 225) медиаторлар ұйымдарының қызметін үйлестіру;
- 226) өз құзыреті шегінде медиация мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;
- 227) медиация жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету;
- 228) медиаторлар ұйымдары, медиацияны қолдану тетіктері, негіздері мен шарттары туралы халықты хабардар етуді қамтамасыз ету;
- 229) медиаторлар ұйымдарының тізілімін жүргізу;
- 230) медиатор қызметін кәсіби негізде жүзеге асыратын отставкадағы судьялардың тізілімін жүргізу;
- 231) мемлекеттік органдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру, оның іске асырылу мониторингі және нәтижелерін бағалау, мемлекеттік гранттар ұсыну және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;
- 232) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсету;
- 233) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жоспарланатын тақырыптарын және іске асырылуы жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың нәтижелерін бағалауды өзінің интернет-ресурсында орналастыру;
- 234) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;
- 235) үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорын қалыптастыру және оны жүргізуді жүзеге асыру;
- 236) үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорына енгізу үшін ұсынылатын мәліметтерді тексеруді жүзеге асыру;

- 237) үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың оның қызметінің нәтижелері туралы есебін қарау;
- 238) Қазақстан Республикасында волонтерлік қызмет туралы ақпаратты жинақтау мен қорытуды жүзеге асыру;
- 239) волонтерлік қызметті қолдау және волонтерлік ұйымдар мен волонтерлерді волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) іске асыруға қатысуға және волонтерлік акцияларды өткізуге тарту тәртібі жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;
- 240) волонтерлік қызмет саласында жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;
- 241) Министрліктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша қоғамдық кеңестермен өзара іс-қимыл жасау;
- 242) қоғамдық кеңестердің қызметін үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- 243) мемлекеттік жастар, отбасылық және гендерлік саясат саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;
- 244) "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыру;
- 245) "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығын беру қағидаларын және оның номинацияларын әзірлеу және бекіту;
- 246) "Дарын" мемлекеттік жастар сыйлығының ақшалай сыйақы мөлшерін бекіту;
- 247) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметті әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- 248) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру бойынша ұсыныстар тұжырымдау;
- 249) мемлекеттік жастар саясатын іске асырудағы үрдістерді талдау мен болжауды жүзеге асыру;
- 250) білім беру және тәрбиелеу жүйесінің ұйымдарына мемлекеттік жастар саясаты саласында қажетті консультативтік көмек көрсету;
- 251) мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;
- 252) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік жастар саясаты мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;
- 253) "Тәуелсіздік ұрпақтары" грантын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 254) "Тәуелсіздік ұрпақтары" грантының мөлшері мен санын бекіту;
- 255) жастардың волонтерлік қызметін дамытуға жәрдемдесу;
- 256) "Қазақстан жастары" ұлттық баяндамасын дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру және үйлестіру;

- 257) Министрлік жанындағы Жастар ұйымдарын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесін құру және оның қызметін қамтамасыз ету;
- 258) үкіметтік емес ұйымдардың адамгершілік-рухани дамуға бағытталған қызметін үйлестіру және қолдау;
- 259) ұлттың әлеуметтік-мәдени кодын, қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік жобаларды ұйымдастыру және үйлестіру;
- 260) мүдделі мемлекеттік органдармен жастардың адамгершілік-рухани дамуы, мемлекеттік отбасылық және гендерлік саясат саласында өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- 261) өздерінің құзыреті шегінде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы мемлекеттік гранттар беру және оператордың мемлекеттік гранттардың іске асырылу нәтижелері туралы есебін қарау;
- 262) отбасы мәселелері бойынша республикалық және халықаралық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- 263) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат мәселелері жөніндегі ұлттық комиссиямен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;
- 264) мемлекеттік отбасылық, жастар және гендерлік саясат мәселелері бойынша орталық, жергілікті атқарушы органдардың және өзге де субъектілердің қызметін үйлестіру;
- 265) мемлекеттік отбасылық, жастар және гендерлік саясат саласындағы нормативтік құқықтық актілердің құқықтық мониторингін жүзеге асыру;
- 266) үкіметтік емес ұйымдармен, отбасылармен жұмысты жүзеге асыратын дағдарыс орталықтарымен, олар өткізетін іс-шараларға тұрақты қатысуды қоса алғанда, өзара іс-қимыл жасау;
- 266-1) отбасын қолдау орталықтарының қызметін жүзеге асыру тәртібін айқындау;
- 266-2) отбасын қолдау орталықтарының қызметін үйлестіру және оған әдістемелік басшылық жасау;
- 267) отбасы мәселелері бойынша брифингтер мен өзге де бұқаралық іс-шаралар дайындау;
- 268) мемлекеттік отбасылық, жастар және гендерлік саясат саласындағы үрдістерді жүйелі талдау;
- 269) құзыреті шегінде медиацияны, қайырымдылықты дамытуға жәрдемдесу және үйлестіру;
- 270) техникалық регламенттерді, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және орындау;

271) сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сәйкестігі міндетті расталуға жататын өнім жөніндегі зертханаларды құру, жаңғырту және жарактандыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

272) белгіленген құзырет шеңберінде Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде айқындалған тәртіппен тиісті техникалық регламенттер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

273) техникалық регламенттерді немесе техникалық регламенттерге өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды әзірлеу туралы ұсыныстар дайындау және оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органға енгізу;

**274) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 246 қаулысымен;**

275) диаспоралармен жұмысты үйлестіруді жүзеге асыру;

276) республикада ішкі саяси тұрақтылықты, этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған халықаралық, республикалық және өзге де іс-шаралар, акциялар мен конкурстар өткізуді ұйымдастыру;

277) республикадағы этносаралық келісімге зерделеу және талдау жүргізу;

278) этносаралық қатынастар мәселелері бойынша ведомствоаралық өзара іс-қимылды үйлестіру;

279) этносаралық келісім мен төзімділікті нығайту бойынша жастар ұйымдарымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

280) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жастар арасында этносаралық келісім мен толеранттылықты нығайту мәселелері бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

281) сараптама тобын құру, сондай-ақ балаға қатысты кибербуллинг фактілері бойынша өтінішті қарау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

282) телекоммуникациялар желілерінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

283) байланыс операторларына және (немесе) онлайн-платформалардың меншік иелеріне және (немесе) заңды өкілдеріне және (немесе) мемлекеттік техникалық қызметке "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 41-1-бабының 1-1 және 2-тармақтарында көрсетілген нұсқаманың күшін жою және интернет-ресурсқа қол жеткізуді қайта бастау туралы тапсырма;

284) интернет-ресурсқа қол жеткізуді қайта бастау қағидаларын әзірлеу және бекіту ;

285) Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-платформалардың заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу;

- 286) Қазақстан Республикасының аумағында онлайн-платформалардың заңды өкілдерінің тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 287) жыл сайын 31 наурызға дейін Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат ұсыну;
- 288) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 289) орталық мемлекеттік органдардың құзыретіне жататын мемлекеттік гранттар бағыттарының тізбесін Үйлестіру кеңесінің қарауына жіберу;
- 290) Үйлестіру кеңесінің мемлекеттік гранттардың бағыттары бойынша ұсынымдарын олардың құзыретіне сәйкес орталық мемлекеттік органдарға жіберу;
- 291) стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 292) стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыстың бағыттарын айқындау;
- 293) мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларына сәйкес азаматтық қоғам өкілдерін тарта отырып, мемлекеттік гранттардың тиімділігін бағалауды жүзеге асыру;
- 294) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жөніндегі үйлестіру кеңесінің ұсынымдары негізінде бағыттары мен қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік гранттарды қалыптастыру;
- 295) стратегиялық әріптестерді конкурстық іріктеуді жүргізу және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес олармен шарттар жасасу;
- 296) стратегиялық әріптестердің жасалған шарттарға және стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыру қағидаларына сәйкес міндеттемелерді орындауын бағалауды жүзеге асыру;
- 297) қайырымдылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 298) қайырымдылық саласындағы жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;
- 298-1) ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша нысаналы капитал қорының үлгілік жарғысын әзірлеу және бекіту;
- 299) қайырымдылық саласындағы құрметті атақ беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 300) қайырымдылық саласындағы құрметті атақ беру;
- 301) орталық және жергілікті атқарушы органдардың волонтерлік қызметті ұйымдастыру бөлігіндегі қызметін үйлестіру;
- 302) волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу;

- 303) волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін өзінің интернет-ресурсында орналастыру;
- 304) арнайы құқық субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілеу;
- 305) кәсіптер тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;
- 306) кәсіптік стандарттарды әзірлеу және (немесе) өзектілендіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау және оларды кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға жіберу;
- 307) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша ағымдағы және болашақ кезеңдерде кәсіптердің өзектілігін ескере отырып, еңбек нарығының кәсіптік біліктілікті танудағы қажеттілігін қалыптастыру;
- 308) кәсіптік біліктілікті тану шарттары бойынша кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізу;
- 309) кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңестер туралы ережені әзірлеу және бекіту;
- 310) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, кинематография, мемлекеттік рәміздер, архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету, электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер, ономастика салаларында нормативтік құқықтық актілерді бекіту;
- 311) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Министрлік жетекшілік ететін салаларда заттай нормаларды әзірлеу және бекіту;
- 312) Министрлік реттейтін салаларда Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау;
- 313) техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, мемлекеттік реттеуге жатқызылатын өлшемдердің тізбесін бекіту;
- 314) уәкілетті органмен келісу бойынша әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды, сондай-ақ көрсеткіштерді есептеу әдістемелерін бекіту;
- 315) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша ведомстволық статистикалық байқаулар жүргізуге арналған нысандарды және оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;
- 316) Қазақстан Республикасының халқы мәдениетінің дамуы үшін жағдайлар жасау ;
- 317) халықаралық мәдени ынтымақтастық саласындағы қызметті жүзеге асыру және үйлестіру;
- 318) мәдениет саласында халықаралық ынтымақтастық үшін жағдай жасау;

319) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

320) мәдениет саласындағы ғылыми бағдарламаларды әзірлейді, бекіту және іске асыру;

321) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізу;

322) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мәдениет және өнер қайраткерлеріне Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын және мемлекеттік наградаларын беру, шығармашылық ұжымдарды наградтау туралы ұсыныстар енгізу;

323) мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген кәсіби көркем және шығармашылық ұжымдарға "Академиялық" мәртебе берудің тәртібі мен шарттарын айқындау;

324) республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізудің үлгілік қағидаларын әзірлеу және бекіту;

325) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының мәдениет қызметкерлерін аттестаттау және мерзімінен бұрын аттестаттау қағидаларын бекіту;

326) мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік кітапханалардың, мемлекеттік музейлер мен музей-қорықтардың, мемлекеттік архивтердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру және олардың тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту;

327) көтермелеудің салалық жүйесін әзірлеу және бекіту;

328) мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік кітапханалар, мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар, мемлекеттік архивтер өткізетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) баға белгілеу;

329) Қазақстан Республикасының музей қорын қалыптастыру және ұстау тәртібін бекіту;

330) мемлекеттік емес музейлер әкелген кезде импорты қосылған құн салығынан босатылатын өнер туындыларының тізбесін бекіту;

331) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік музей қоры каталогын жүргізу қағидаларын және музей дерекқорын жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

332) Қазақстанның ұлттық электрондық кітапханасы қорын қалыптастыру мен есепке алу және оған қол жеткізуді ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

333) ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімі мен материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

- 334) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясы туралы үлгілік ережені бекіту;
- 335) мәдениет және креативті индустриялар мәселелері бойынша тұрақты жұмыс істейтін комиссияны құру және ол туралы ережені бекіту;
- 336) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 337) музейдің сақтау қоймасындағы музей заттары мен музей коллекцияларына қол жеткізу тәртібін айқындау;
- 338) мәдениет ұйымдары желісінің ең төмен мемлекеттік нормативтерін және облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың, селолық деңгейлердегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының үлгілік штаттарын бекіту;
- 339) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарының қызметі қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 340) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту;
- 341) көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 342) Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға "Ұлттық" мәртебе беру туралы ұсыныстар енгізу;
- 343) мемлекеттік музейлерде қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясын құру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 344) мемлекеттік театрлар мен концерттік ойын-сауық ұйымдарының сахналық қойылым құралдарын есепке алу, беру және есептен шығару жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;
- 345) Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;
- 346) мемлекеттік кітапханалардың кітапхана қорын есепке алу және есептен шығару жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу және бекіту;
- 347) мемлекеттік кітапханалардың кітапхана қорын қалыптастыру, сақтау және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 348) мүгедектігі бар адамдарға немесе егде жастағы адамдарға сырттай немесе стационардан тыс қызмет көрсету нысандары арқылы кітапхана қорларына қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 349) жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен және бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік театрларға,

концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

350) мемлекеттік мәдениет ұйымдарындағы билеттерді дайындау мен өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

351) Қазақстан кітапханаларының жиынтық электрондық каталогын пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

352) музыкалық туындыларды орындау кезінде фонограммалардың пайдаланылуы туралы көрерменге хабарлау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

353) балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

354) балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

355) мемлекеттік шығармашылық тапсырыстың жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін әзірлеу және бекіту;

356) балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелердің рейтингін айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

357) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттарын айқындау жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту;

358) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шараларды өткізуді қаржыландыру қағидалары мен қаржыландыру нормативтерін әзірлеу және бекіту;

359) мәдениет ұйымдарының балет әртістеріне ай сайынғы арнайы ақшалай төлемдерді тағайындау тәртібін айқындау;

360) өңірлік көркемдік кеңестер туралы үлгілік ережені бекіту;

361) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдары құжаттардың әмбебап жинақтарын қалыптастыруды, сақтауды және кітапхана пайдаланушыларына беруді жүргізетін, кітапхана ресурстарын өзара пайдалануды ұйымдастыруды жүзеге асыратын және басқа кітапханаларға әдістемелік көмек көрсететін облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, қалалық және аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың кітапханаларына "Орталық" мәртебесін беру тәртібін әзірлеу және бекіту;

362) Қазақстан Республикасының аумағында мәдени құндылықтарды есепке алу, қорғау, консервациялау, реставрациялау және пайдалану жөніндегі, сондай-ақ елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

363) жеке және (немесе) заңды тұлғалардың объектілерді Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне қосу туралы өтінішхаттарын қарау;

364) Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін және Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің ұлттық тізбесін жүргізу;

365) мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, жеке және заңды тұлғалардың ұсынысы бойынша Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне және ЮНЕСКО-ның шұғыл қорғауын қажет ететін материалдық емес мәдени мұра тізіміне Қазақстан халқының материалдық емес мәдени мұра элементтерін енгізу туралы өтінімдер жіберу;

366) өз құзыреті шегінде мәдениетаралық және этносаралық диалогты қамтамасыз етеді, қазақ халқының және этностық топтардың ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген құрметті нығайту;

367) мемлекеттік кітапханаларға және өзге де мемлекеттік ұйымдарға тарату үшін қоғамдық маңызы бар әдебиетке мүліктік құқықтарды белгілі бір мерзімге сатып алу және (немесе) оны басып шығару жөніндегі қағидаларды әзірлейді және бекітеді, оны іріктеу өлшемшарттарын белгілеу;

368) қоғамдық маңызы бар әдебиетке мүліктік құқықтарды белгілі бір мерзімге сатып алғаны үшін авторларға, сондай-ақ сараптама қорытындысын бергені үшін сарапшыларға сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу;

369) қоғамдық маңызы бар әдебиетке мүліктік құқықтарды белгілі бір мерзімге сатып алу және (немесе) оны басып шығару жөніндегі ведомствоаралық комиссия құруды, оның ережесін және құрамын бекіту;

370) мәдениет саласында әлеуметтік мәні бар іс-шаралар өткізуді жүзеге асыру;

371) шығармашылық қызметтің және креативті индустриялардың түрлі салаларында ұлттық (республикалық) және халықаралық конкурстар мен фестивальдер, сыйлықтар мен жүлделер тағайындау;

372) мәдениет саласында мемлекеттік стипендия беру қағидаларын бекіту;

373) мәдениет саласындағы барлық білім беру деңгейлерінің үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу;

374) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруға қатысу;

375) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту;

376) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлуді және орналастыруды бекіту;

377) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарының қызметін үйлестіру;

378) жеңімпаздарына мәдениет және өнер мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат етілетін халықаралық, республикалық конкурстар мен фестивальдардың тізбесін қалыптастыру және бекіту;

379) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, мәдениет және өнер мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқуға рұқсат беру;

380) өз құзыреті шегінде республика (ауылдық, кенттік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық) мәдениет ұйымдарының қызметін үйлестіру, мәдениет және креативті индустриялар мәселелері бойынша шығармашылық одақтармен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

381) талантты жастарды және перспективалы шығармашылық ұжымдарды іздестіруге және қолдауға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асыру;

382) жастарды мәдени ағартуды және олардың бос уақытын ұйымдастыруға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру;

383) мәдениет мәселелері жөніндегі жастар бастамаларын қолдауға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыруды, оның іске асырылу мониторингін және нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру;

384) музыка және театр өнері саласында репертуарлық саясатты үйлестіру;

385) ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимі бойынша сарапшы комиссияны құру;

386) республикалық мемлекеттік мәдениет ұйымдары басшыларының, сондай-ақ облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары басшыларының мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға "Академиялық" мәртебе беру туралы ұсыныстарын қарайды және Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік мәдениет ұйымдары мен жекелеген кәсіби көркем, шығармашылық ұжымдарға "Академиялық" мәртебе беру туралы ұсыныстар енгізу;

387) тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, географиялық нұсқамалар мен тауарлар шығарылған жерлердің атауларын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның сұрау салуына сәйкес Қазақстан Республикасының тарихы мен мәдениетінің

игілігі болып табылатын белгіленімдерді тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі, географиялық нұсқамалар мен тауарлар шығарылған жерлердің атаулары ретінде пайдалану үшін келісу не келісуден бас тарту;

388) барлық санаттағы мәдениет қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін ұйымдастыру;

389) мәдениет саласында ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру;

390) республикалық мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізу;

391) мемлекеттік кітапханаларға және өзге де мемлекеттік ұйымдарға тарату үшін қоғамдық маңызы бар әдебиетке мүліктік құқықтарды белгілі бір мерзімге сатып алу және (немесе) оны басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

392) қоғамдық маңызы бар әдебиетке мүліктік құқықтарды белгілі бір мерзімге сатып алу және (немесе) оны басып шығару жөніндегі сараптама комиссиясын құру;

393) жеке кәсіпкерлік субъектілерін креативті индустриялар субъектілеріне жатқызу өлшемшарттарын әзірлеу;

394) креативті индустрияға жататын экономикалық қызмет түрлерінің тізбесін әзірлеу және бекіту;

395) тарих және мәдениет ескерткішінің паспортын рәсімдеу тәртібін айқындау;

396) республикалық меншіктегі тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының мөлшерлемелерін белгілеу;

397) Қазақстан Республикасының дүниежүзілік мәдени мұрасының алдын ала тізімін қалыптастыру және ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

398) тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, мәртебе беру және одан айыру, орнын ауыстыру және өзгерту, жай-күйін мониторингтеу және санатын өзгерту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

399) тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру және оларға қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

400) қорғау міндеттемелерін беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

401) тарих және мәдениет ескерткішінің қорғау аймағын, құрылыс салуды реттеу аймағын және қорғалатын табиғи ландшафт аймағын және оларды пайдалану режимін айқындау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

402) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстарды жүргізу қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

403) тарихи-мәдени сараптама жүргізу тәртібін айқындау;

404) археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

404-1) археологиялық жұмыстар жөніндегі бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйені жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

405) монументтік өнер құрылыстарын орнату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

406) мемориалдық тақталар орнату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

407) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстардың орындалуын бағалау нормативтерін әзірлеу және бекіту;

408) тарих және мәдениет ескерткіштерінде ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі қызметті, археологиялық жұмыстарды жүзеге асыру жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

409) тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

409-1) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі ұйымдар қызметінің қағидаларын әзірлеу және бекіту;

410) Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту;

411) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің жай-күйін мониторингтеуді жүзеге асырады және олардың сақталуын қамтамасыз ету;

412) жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени мұра объектісін және (немесе) тарих және мәдениет ескерткішін тарихи-мәдени сараптама қорытындысы және тарихи-мәдени мұра мәселелері жөніндегі арнайы комиссияның ұсынымдары негізінде республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері деп тану және оларды Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне қосу;

413) республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішін тарихи-мәдени сараптама қорытындысы және тарихи-мәдени мұра мәселелері жөніндегі арнайы комиссияның ұсынымдары негізінде мәртебесінен айыру және оны Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен алып тастау;

414) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстардың, халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің аумақтарындағы шаруашылық және өзге де қызметтің және оларды қорғау аймақтарының жобаларын келісу;

415) тарих және мәдениет ескерткіштерінің арасынан Қазақстан Республикасының дүниежүзілік мәдени мұрасының алдын ала тізімін қалыптастыру;

416) Қазақстан Республикасының дүниежүзілік мәдени мұрасының алдын ала тізімін ұсыну;

417) мемлекеттік меншік болып табылатын, халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін, сондай-ақ республикалық меншік болып табылатын, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беруді келісу;

418) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

419) Қазақстан Республикасының атынан халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне меншік иесінің өкілеттіктерін жүзеге асыру;

420) тарихи-мәдени мұра мәселелері жөніндегі арнайы комиссияны құрады және оның ережесі мен құрамын бекіту;

421) тарих және мәдениет ескерткіштерінің аумағын қозғайтын қала құрылысы жобаларын келісу;

422) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне қатысты тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафт аймақтарының шекараларын айқындау;

423) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне тарихи-мәдени сараптама қорытындысы және тарихи-мәдени мұра мәселелері жөніндегі арнайы комиссияның ұсынымдары негізінде тарих және мәдениет ескерткіштерінің орнын ауыстыру және өзгерту туралы шешімдер қабылдау;

424) тарих және мәдениет ескерткіштеріндегі ғылыми-реставрациялық жұмыстар жоспарын мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың ұсыныстарын ескере отырып, алдағы күнтізбелік жылға қалыптастыру және бекіту;

425) музейдің атауын көрсете отырып, материалдар мен олжаларды республикалық немесе жергілікті маңызы бар мемлекеттік музейге беру туралы шешім қабылдау;

426) жеке және заңды тұлғалар мен тиісті мемлекеттік музейді қабылданған шешім және материалдар мен олжаларды қабылдау-тапсыру рәсімін жүзеге асыру қажеттігі туралы хабардар ету;

427) облыстық ономастика комиссиялары және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиялары туралы үлгілік ережені әзірлеу және бекіту;

428) республикалық ономастика комиссиясын құрады және оның қызметін қамтамасыз ету;

429) ономастика комиссияларының қызметін үйлестіру;

430) әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін есепке алу қағидаларын бекіту;

431) ұлттық фильмдер деп танылуға үміткер киножобаларды шығару бойынша мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету үшін оларды іріктеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

432) фильмге прокаттау куәлігін беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

433) фильмді ұлттық деп тану және ұлттық фильм куәлігін беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

434) ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобалар шығаруды қаржыландыру қағидаларын және қаржыландыру көлемдерінің нормативтерін әзірлеу және бекіту;

435) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін балалар анимациялық фильмдері мен отбасымен көруге арналған фильмдерді қазақ тілінде дубляждау үшін іріктеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

436) кинематография саласындағы субсидияларды төлеу қағидалары мен шарттарын әзірлеу және бекіту;

437) фильмге прокаттау куәлігінің нысанын бекіту;

438) Ұлттық кинокомиссия туралы ережені және оның құрамын бекітеді;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**439) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 13.04.2026 № 265 (12.07.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

439) фильмдер мониторингінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жүргізу тәртібін айқындау;

440) ұлттық фильмдерді прокаттау мен көрсетуден түсетін кірістерден Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына аударымдарды жасау тәртібін айқындау;

441) Мемлекеттік фильмдер тізілімін жүргізу;

442) мемлекеттік ұйымдардың кинематографияны дамыту жөніндегі қызметін қолдап отыру және үйлестіру;

443) прокаттау куәлігін және ұлттық фильм куәлігін беру;

444) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен фильмді ұлттық деп тану;

445) кинематография саласындағы ғылым мен білімді дамытуға, шығармашылық және техникалық кадрларды даярлауға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға жәрдемдесу;

446) кинематография саласындағы халықаралық байланыстарды дамыту, кинематографиялық қызмет субъектілерінің халықаралық комиссияларға, кинофестивальдарға, конференцияларға және кинематография саласындағы өзге де іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**447) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 13.04.2026 № 265 (12.07.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

447) Қазақстан Республикасының аумағындағы фильмдер мониторингінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін орнату және жүргізу арқылы Қазақстан Республикасының аумағында фильмдер прокатын жүйеге келтіруді және есепке алуды қамтамасыз ету;

- 448) Қазақстан Республикасының аумағында фильмдер прокатының мониторингін жүзеге асыру;
- 449) ұлттық фильмдер деп танылуға үмітті киножобалар шығаруды қаржыландыру көлемін белгілеу үшін фильмдерді санаттарға жатқызу өлшемшарттарын айқындау;
- 450) салықтардың және бюджетке төленетін төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органмен және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша фильмдер шығару кезінде инвестор үшін кинематографиялық ұйым орындайтын және көрсететін жұмыстар мен қызметтердің тізбесін бекіту;
- 451) кинематография саласындағы мемлекеттік қолдау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру;
- 452) сараптама кеңесінің ережесі мен құрамын бекіту;
- 453) Мемлекеттік фильмдер қоры тұрақты сақтауға берілетін, шетелдіктер қатыспайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасын айқындау;
- 453-1) жанынан фильмдердің нұсқаларын прокаттауға дейінгі сараптаманы жүргізу жөніндегі сараптама комиссиясы құрылатын ұйымды айқындау;
- 453-2) фильмдерге прокаттауға дейінгі сараптама жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 453-3) фильмдерге және оның құрамына прокаттауға дейінгі сараптама жүргізу жөніндегі сараптама комиссиясының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 453-4) анимациялық, деректі, ойын, хроникалы фильмдер бойынша ұлттық фильмдер шығаруға бөлінетін қаражат көлемін жыл сайын айқындау;
- 454) Орталық сараптау-тексеру комиссиясын құру;
- 455) сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту;
- 456) мемлекеттік архивтердің үлгілік штаттарын бекіту;
- 457) Ұлттық архив қорының құжаттарын орталықтандырылған мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту;
- 458) Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын құру және сақтау қағидаларын бекіту;
- 459) Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығару қағидаларын бекіту;
- 460) Орталық сараптау-тексеру комиссиясы мен орталық мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің сараптау-тексеру комиссиялары туралы ережелерді бекіту;
- 461) Ұлттық архив қорын жинақтау көздерінің тізімін бекіту;
- 462) архивтік құжаттарды, архив қорлары мен коллекцияларын Ұлттық архив қорының құрамына жатқызу, сондай-ақ оларды оның құрамынан алып тастау туралы шешім қабылдау;

463) тарихи және өзге де құндылығы жоқ және практикалық маңызын жойған құжаттарды сақтау мерзімдері мен жою тәртібін белгілеу;

464) Қазақстан Республикасының мемлекеттік архивтерінен шығатын архивтік анықтамаларға және архивтік құжаттардың көшірмелеріне апостиль қою;

465) автоматтандырылған архивтік технологиялар әзірлеу мен енгізуді ұйымдастыру;

466) мемлекеттің, қоғамның және азаматтардың сұрау салулары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Ұлттық архив қорының құжаттарын басып шығаруды және пайдалануды ұйымдастыру;

467) Ұлттық архив қорын және Құжаттар көшірмелерінің мемлекеттік сақтандыру қорын қалыптастырады және жұмыс істейді, Ұлттық архив қорының құжаттарын орталықтандырылған мемлекеттік есепке алуды қамтамасыз ету;

468) республикалық меншіктегі тарихи және мәдени құжаттық ескерткіштерін қорғауды, оларды сақтауды және пайдалануды жүзеге асыру;

469) шет елдердегі Қазақстан Республикасының тарихы жөніндегі архивтік құжаттарды жинауды және оларды елге қайтаруды жүзеге асыру;

470) архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету мәселелеріне салааралық ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асыру;

471) Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

472) Ұлттық архив қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттарын Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша әкетуге рұқсат ету;

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**473) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Үкіметінің 13.04.2026 № 265 (12.07.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

473) Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің, орталық мемлекеттік архивтердің жинақтау көздерінде Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер бөлігінде сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

474) архив ісі жөніндегі халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының өкілдігін қамтамасыз ету;

475) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту;

476) Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын бекіту;

477) Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды ведомстволық және жеке архивтердің қабылдау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын бекіту;

478) электрондық құжат айналымының тәртібін айқындау;

479) мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу;

480) мемлекеттік рәміздер мен геральдикалық белгілер мәселелері жөнінде сараптамалық кеңес құрады, сондай-ақ ол туралы ережені әзірлеу және бекіту;

481) ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидаларын бекіту;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**15-тармақты 481-1) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 12.05.2026 № 381 (10.06.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**482) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;**

483) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жөнінде кеңес құру;

**484) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;**

**485) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;**

486) мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыратын үкіметтік емес ұйымдарға ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсету;

**487) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;**

**488) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;**

**489) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;**

**490) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;**

**491) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 30.09.2024 № 810 қаулысымен;**

492) туындының сипатына немесе оны пайдалану ерекшеліктеріне (жұртшылық алдында, оның ішінде радиода және телевизияда орындауға, туындыны механикалық, магниттік немесе өзге де жазба арқылы қайта шығаруға, көшірмелеуге, туындыны автордың келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығаруға және басқа да жағдайларға) байланысты мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, авторлық сыйақының ең төменгі мөлшерлемелерін келісу;

493) орындауларды немесе фонограммаларды пайдалану сипатына (жұртшылық алдында, оның ішінде радиода және телевизияда орындауға, туындыны механикалық, магниттік немесе өзге де жазба арқылы қайта шығаруға, көшірмелеуге, орындаушының және фонограмма шығарушының келісімінсіз жеке мақсатта қайта шығаруға және басқа да жағдайларға) байланысты мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, орындаушылар мен фонограмма шығарушыларға сыйақының ең төменгі мөлшерлемелерін келісу;

**494) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 246 қаулысымен;**

**495) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.04.2025 № 246 қаулысымен;**

496) мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға атау беру, оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және оларға жеке адамдардың есімдерін беру туралы шешім қабылдау;

496-1) петицияны қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімнің нысанын әзірлеу және бекіту;

496-2) орталық атқарушы органдардың алқалы органдарының және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының отырыстарына ақпарат пайдаланушылардың қол жеткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-3) ақпарат иеленушілердің ашықтық стандартын әзірлеу және бекіту;

496-4) петицияларды тіркеу және есепке алу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-5) петиция беруге арналған интернет-ресурсты айқындау;

496-6) петицияны интернет-ресурста орналастыру туралы жазбаша өтініштің нысанын әзірлеу және бекіту;

496-7) петицияға қосылу қағидаларын және петицияға қосылу туралы жазбаша өтініштің нысанын әзірлеу және бекіту;

496-8) петицияның заңнамада белгіленген шарттарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру;

496-9) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органда есепке қойылған бұқаралық ақпарат құралдарына петицияға қосылудың басталғаны туралы хабарлау;

496-10) жеке тұлғалардың петицияларын Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қабылдау және қарау;

496-11) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдарына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен гранттар беру;

496-12) ұлттық телерадио хабарларын тарату операторын қоспағанда, спутниктік телерадио хабарларын тарату операторларының спутниктік қабылдау құрылғыларын өткізуге жұмсалатын шығындарының бір бөлігін субсидиялау;

496-13) аккредиттеу картасын беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-14) бұқаралық ақпарат құралдарына гранттар беру және олардың іске асырылуын мониторингтеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-15) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары үшін гранттардың құнын айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

496-16) тәуелсіз сараптама комиссиясының құрамы мен ережесін әзірлеу және бекіту;

496-17) мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары үшін гранттар бөлу жөніндегі комиссия құру;

- 496-18) бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін өзін-өзі реттеу мәселелері жөніндегі қоғамдық-кәсіптік кеңестің үлгілік ережесін әзірлеу және бекіту;
- 496-19) спутниктік телерадио хабарларын тарату операторлары шығындарының бір бөлігін субсидиялауды ұсыну, бақылау, мониторингтеу және тиімділігін бағалау қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 496-20) шығындарды субсидиялау не одан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін өтінімдерді қарау жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия құру;
- 496-21) телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөнінде комиссия құру;
- 496-22) өңірлік нышан жобасын әзірлеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 496-23) Қазақстан Республикасы Даңқ Кітабының жүргізілуі мен сақталуын бақылау;
- 496-24) адам саудасының алдын алу жөнінде шаралар қабылдау;
- 496-25) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қауіп-қатерлерді бағалауға және оларды барынша азайту бойынша ұсыныстар енгізуге қатысу;
- 496-26) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен адам саудасы құрбандарына көмек көрсету және арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін оларды қайта бағыттауға қатысу;
- 496-27) ішкі істер органдарын өздеріне белгілі болған дайындалып жатқан не жасалған адам саудасымен байланысты қылмыс фактілері туралы хабардар ету;
- 496-28) жұртшылықты адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы қызмет нәтижелері туралы хабардар ету;
- 496-29) масс-медиада адам саудасына қарсы іс-қимыл саласындағы құқықтық насихатты қамтамасыз етуге жәрдемдесу;
- 496-30) адам саудасына қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметін масс-медиада жариялауға ықпал ету;
- 496-31) креативті индустрияға мемлекеттік қолдау көрсету және оны ынталандыру қағидаларын әзірлеу және бекіту;
- 496-32) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.04.2026 № 265 қаулысымен;**
- 496-33) Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында техникалық (ғылыми) тұрғыдан негізделген, еңбек жөніндегі бірыңғай салааралық немесе салааралық үлгілік немесе үлгілік нормалар мен нормативтерді әзірлеу және бекіту;
- 496-34) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша өзі белгілеген тәртіппен Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында ұйымдардың еңбек жөніндегі үлгілік нормалары мен нормативтерін бекіту;
- 496-35) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпаратпен толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту;
- 496-36) ақпаратқа қол жеткізу саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

496-37) археологиялық жұмыстар жоспарын мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың ұсыныстарын ескере отырып, алдағы күнтізбелік жылға қалыптастыру және бекіту;

496-38) Қазақстан Республикасының шетелдегі мәдениет орталықтарын қаржыландыру қағидаларын әзірлеу;

496-39) Түркістан қаласының археология ескерткіштерінің резерватын құру және оларды күтіп-ұстауға жағдай жасау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-40) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтайдың қызметін қамтамасыз ету;

496-41) мемлекеттік және жеке архивтердегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;

496-42) мемлекеттік және жеке архивтердегі төтенше жағдай кезеңіне арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту;

496-43) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-44) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік тапсырманың құнын белгілеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-45) желінің ең төмен нормативтері міндетті түрде қолданыла отырып Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында ең төмен стандарттарды әзірлеу және бекіту;

496-46) Министрліктің құзыретіне жатқызылған қызмет салаларында желінің ең төмен нормативтерін әзірлеу және бекіту;

496-47) Министрлік реттейтін салалардағы көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл бойынша мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу және шаралар қабылдау;

496-48) архив ісін басқару және жүргізу органдарының қызметіне әдістемелік басшылық жасау және оны үйлестіру;

496-49) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылуын және оларды күтіп-ұстау тәртібін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

496-50) монументтік өнер құрылыстарын орнатуға мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

496-51) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және ғылыми-реставрациялық жұмыстардың жүргізілуіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

496-52) жастар ұйымдарымен мәдениет мәселелері бойынша өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты жүзеге асыру;

496-53) халықаралық ұйымдармен гендерлік теңдік мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыру;

496-54) Ұлттық архив қорының мемлекеттік меншіктегі құжаттарын басқа мемлекеттерге тұрақты сақтауға беруді ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ұйымдастыру;

496-55) сараптау-тексеру комиссиясының қорытындысы негізінде мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдар немесе мемлекеттік емес ұйымдар әзірлеген, сақтау мерзімдері көрсетіле отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде қалыптасатын құжаттардың салалық (ведомстволық) тізбелерін келісу;

**496-56) алып тасталды - ҚР Үкіметінің 13.04.2026 № 265 қаулысымен;**

496-57) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көлемдері жөнінде ұсыныстар енгізу;

496-58) реттелетін қызмет салаларындағы ұйымдардың жұмылдыру дайындығын жоспарлау, ұйымдастыру және оған басшылық ету, Қазақстан Республикасындағы жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру қағидаларында белгіленген тәртіппен жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдардың жұмылдыру әзірлігіне бағалау жүргізу;

496-59) ұйымдармен жұмылдыру тапсырыстарын орындауға арналған шарттар жасау, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру тапсырыстары бар ұйымдар банкрот болған, қайта ұйымдастырылған, таратылған, олардың жұмыс бейіні өзгертілген кезде белгіленген жұмылдыру тапсырыстарын алып тастау және басқаға беру туралы ұсыныстар енгізу;

496-60) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып жұмылдыру жоспарларын орындауға дайындық жөніндегі шараларды жүргізу;

496-61) жұмылдыру тапсырыстарын белгілеу үшін ұйымдардың өндірістік, қаржылық, қоймалық мүмкіндіктері туралы ақпаратты жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға беру;

496-62) әскери міндеттілерді бекітіп қою жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;

496-63) жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыру саласында Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

496-64) жұмылдыру жарияланған кезде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, ұйымдарды соғыс жағдайы режиміне көшіру жөніндегі шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

496-65) жұмылдыру жоспарларын әзірлеу, жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органмен келісу және бекіту;

496-66) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру дайындығы мен жұмылдыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

- 496-67) әскери-экономикалық және командалық-штабтық оқулар өткізуге қатысу;
- 496-68) Министрлік реттейтін салаларда жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және (немесе) бекіту;
- 496-69) Министрліктің азаматтық қорғаныс жоспарын әзірлеу және бекіту;
- 496-70) нормативтерді, нормативтік техникалық құжаттар мен қағидаларды әзірлеу, бекіту және (немесе) келісу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды мемлекеттік салалық есепке алуды жүргізу және осы деректерді азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсыну;
- 496-71) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз ету;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

496-72) тармақшаны алып тастау көзделген - ҚР Үкіметінің 12.05.2026 № 381 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

496-72) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау үшін ұйымдардың тізбесі бойынша ұсыныстар дайындау;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

496-73) тармақшаны алып тастау көзделген - ҚР Үкіметінің 12.05.2026 № 381 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

496-73) жұмылдыру дайындығы саласындағы уәкілетті органға жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының орнын ауыстыру жөнінде ұсыныстар жолдау;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

496-74) тармақшаны алып тастау көзделген - ҚР Үкіметінің 12.05.2026 № 381 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

496-74) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау кезінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға ұйымдастырушылық көмек көрсету;

496-75) ведомстволық бағынысты ұйымдардағы өрттердің алдын алу жөнінде іс-шараларды жүргізу;

496-76) азаматтық қорғаудың салалық кіші жүйелеріне басшылықты жүзеге асыру;

496-77) ведомстволық бағынысты ұйымдарда азаматтық қорғаныс мүлкінің запастарын құру және олардың сақталуын, жаңартылуын және оларды қолдануға әзірлікте ұстап тұруын ішкі бақылауды жүзеге асыру;

496-78) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның келісуі бойынша жаһандық және өңірлік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарларын әзірлеу және бекіту;

496-79) қосалқы (қалалық) және көмекші басқару пункттерін құруды қамтамасыз ету;

496-80) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жекелеген мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-81) ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша жекелеген мемлекеттік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымға тағайындайтын және лауазымынан босататын бірінші басшыларының аттестаттаудан өту қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-82) еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін әзірлеу және бекіту;

496-83) әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу;

496-84) мемлекеттік архивтерге "Ұлттық" мәртебе беру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу;

496-85) Жалпы археологиялық олжалар мен археологиялық материалдардың мемлекеттік қорын Жалпы археологиялық олжалар мен материалдардың ұлттық депозитарийі арқылы қорғау, сақтау ғылыми-зерттеу жүргізу және пайдалану қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-86) Қазақстан Республикасының аумағындағы археологиялық жұмыстар нәтижесінде Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің жеке және заңды тұлғалары тапқан барлық жеке-дара археологиялық олжаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік музейлеріне беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-87) жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында археологиялық жұмыстардан тыс тапқан археологиялық олжаларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік музейлеріне беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-88) Қазақстан Республикасының аумағындағы археологиялық жұмыстар нәтижесінде Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің жеке немесе заңды тұлғалары тапқан барлық жалпы археологиялық олжалар мен археологиялық материалдарды Жалпы археологиялық олжалар мен археологиялық материалдардың ұлттық депозитарийіне сақтауға беру және Жалпы археологиялық олжалар мен археологиялық материалдардың мемлекеттік қорына қосу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-89) жастар арасында құқық бұзушылыққа төзбеушілік идеологиясын қалыптастыру;

496-90) бұқаралық ақпарат құралдарында құқықтық насихат жүргізуді қамтамасыз ету;

496-91) бұқаралық ақпарат құралдарында құқық бұзушылық профилактикасы субъектілері қызметінің жариялануына ықпал ету;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

15-тармақты 496-92), 496-93), 496-94), 496-95), 496-96) және 496-97)

тармақшалармен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 13.04.2026 № 265 (12.07.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

496-98) республикалық мемлекеттік мәдениет ұйымдарының мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-99) Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың қатысуымен ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізуді келісу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

496-100) жастарды шығармашылық қызметке тарту жөніндегі, оның ішінде жастар бастамалары мен жобаларын қолдау жолымен шараларды әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз ету;

496-101) креативті индустриялар субъектілерінің тізілімін қалыптастыру және жүргізу;

496-102) мемлекеттік қоса қаржыландыру шартымен креативті индустриялар саласындағы жобаларға жеке инвестицияларды тарту мониторингін жүзеге асыру;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

15-тармақты 496-103), 496-104), 496-105), 496-106), 496-107), 496-108), 496-109), 496-110), 496-111), 496-112) және 496-113) тармақшалармен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 12.05.2026 № 381 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

496-114) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарауды, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асыру;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

15-тармақты 496-115) тармақшамен толықтыру көзделген - ҚР Үкіметінің 12.05.2026 № 381 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

496-116) құзыреті шегінде азаматтық қорғау саласында ғылыми зерттеулерді, білімді насихаттауды, халықты және мамандарды оқытуды ұйымдастыру;

496-117) Қазақстан Республикасының Үкіметіне жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын қалыптастыру және сақтау бойынша шығыстардың көлемі мен құрылымы жөнінде ұсыныстар енгізу.

Ескерту. 15-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 19.12.2023 № 1148 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап, бірақ ерте дегенде 04.04.2024 қолданысқа енгізіледі); 13.06.2024 № 464 (қол қойылған күнінен бастап, бірақ ерте дегенде 16.06.2024 қолданысқа енгізіледі); 30.09.2024 № 810 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 16.04.2025 № 246; 17.10.2025 № 878 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.

қараңыз); 13.04.2026 № 265 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 12.05.2026 № 381 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулыларымен.

497) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

### **3-тарау. Министрліктің бірінші басшысының, алқалы органдардың мәртебесі, өкілеттіктері**

16. Министрлікке басшылықты бірінші басшы жүзеге асырады, ол Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауаптылықта болады.

17. Министрліктің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Министрліктің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Министрліктің бірінші басшысының өкілеттіктері:

Министрлік реттейтін салалардағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді қамтамасыз етеді;

ведомстволардың өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау құзыреті мен тәртібін айқындайды;

Министрлік жанынан сараптамалық кеңестер мен өзге де консультативтік-кеңесші органдар құрады;

Министрліктің құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;

Қазақстан Республикасының Парламентінде, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Министрлікті білдіреді;

Министрліктің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын бекітеді;

Министрліктің жұмыс регламентін бекітеді;

Министрлікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауаптылықта болады;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Министрліктің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

21. Министрліктің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын аппарат басшысы немесе лауазымды тұлға басқарады.

#### **4-тарау. Министрліктің мүлкі**

22. Министрліктің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Министрліктің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Министрлікке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Министрлік өзіне бекітіп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқылы емес.

#### **5-тарау. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:**

**Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 23.07.2024 № 583 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 17.10.2025 № 878 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

##### **1. Министрлік:**

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Александр Селезнев атындағы Алматы хореографиялық училищесі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада-цирк колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

4) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Орал Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

5) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Қазақ ұлттық хореография академиясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

6) "Хабар" агенттігі" акционерлік қоғамы;

7) "Қазақстан" республикалық телерадиокорпорациясы" акционерлік қоғамы;

8) "Qazcontent" акционерлік қоғамы;

9) "Қазтелерадио" акционерлік қоғамы;

10) "Қазақ әуендері" акционерлік қоғамы;

11) "Шәкен Айманов атындағы "Қазақфильм" ұлттық киностудиясы" акционерлік қоғамы;

12) "Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

13) "Қазақстандық қоғамдық даму институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

14) "Конфессияаралық және дінаралық диалогтың халықаралық орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

15) "Астана Опера" мемлекеттік опера және балет театры" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

16) "Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

17) "Қазмедиа орталығы" басқарушы компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

18) "Қазақ газеттері" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

19) "Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

20) "Астана Балет" театры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

21) "Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".

## **2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті:**

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Михаил Лермонтов атындағы Ұлттық орыс драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

4) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

5) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Құдыс Қожамияров атындағы республикалық мемлекеттік академиялық ұйғыр музыкалық комедия театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

6) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

7) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Республикалық академиялық неміс драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

8) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

9) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Наталия Сац атындағы Орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

10) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

11) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

12) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Сирек кездесетін қияқты саз аспаптарының мемлекеттік коллекциясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

13) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Мәдениеттерді жақындастыру орталығы" мемлекеттік музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

14) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Ордабасы" ұлттық тарихи-мәдени қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

15) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Есік" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

16) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Берел" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

17) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

18) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Республикасының "Салтанат" мемлекеттік би ансамблі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

19) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Камератасы" классикалық музыка ансамблі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

20) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік академиялық би театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

21) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Роза Бағланова атындағы "Қазақконцерт" мемлекеттік академиялық концерттік ұйымы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

22) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазқайтажаңарту" шаруашылық жүргізу құқығындағы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

23) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

24) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Отырар" мемлекеттік археологиялық музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

25) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

26) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Әзірет Сұлтан" ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

27) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Абайдың "Жидебай-Бөрілі" мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

28) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Ежелгі Тараз ескерткіштері" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

29) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Таңбалы" мемлекеттік тарихи-мәдени және табиғи музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

30) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Бозоқ" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

31) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Ботай" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

32) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Сарайшық" мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

33) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

### **3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті:**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің "Талдау және ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

### **Министрліктің және оның ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:**

**Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 23.07.2024 № 583 қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2025 № 1192 қаулысымен.**

#### **1. Министрлік:**

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі;

4) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернат" республикалық мемлекеттік мекемесі;

5) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Ахмет Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған қазақ музыка мектеп-интернаты" республикалық мемлекеттік мекемесі.

## **2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті:**

1) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің "Орталық мемлекеттік архив" республикалық мемлекеттік мекемесі;

